



# Евразийский Банк

«Еуразиялық банк» АҚ  
Директорлар кеңесі  
2026 жылғы «06» мамырдың  
№32 хаттамамен  
бекіткен

*ішкі пайдалануға арналған*

## ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

СТ

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	2-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

Орнықты даму саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының заңнамасына, оның ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 12 қарашадағы № 188 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларына, «Еуразиялық банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарына (бұдан әрі – ІНҚ) сәйкес әзірленді.

## **1-бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-тарау Мақсаты мен міндеттері. Терминдер мен анықтамалар**

1. Саясатты әзірлеудің мақсаты экологиялық, әлеуметтік және басқару (бұдан әрі - ESG) факторларын Банктің стратегиясына, корпоративтік басқаруына, бизнес-процестеріне және ІНҚ-сына ықпалдастыруды қоса алғанда, орнықты даму саласындағы Банктің мақсаттарын, міндеттері мен принциптерін айқындау болып табылады.

2. Саясаттың міндеттері:

- 1) орнықты даму саласындағы Банктің міндеттемелерін бекіту;
- 2) ESG саласындағы Банк қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 3) Банктің уәкілетті алқалы органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің рөлдері мен жауапкершілігін белгілеу;
- 4) ESG-факторларын тәуекелді басқаруға, кредиттік процеске және өнім желісіне біріктіру (ықпалдастыру) тәсілдерін айқындау;

5) мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл принциптерін қалыптастыру;

6) орнықты даму саласындағы ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды анықтау.

3. Саясатта мынадай түсініктер мен қысқартулар қолданылады:

1) ESG-факторлары – Банктің орнықты дамуы мен ұзақ мерзімді құндылығын қамтамасыз ету мақсатында қызметті жүзеге асыру және шешімдер қабылдау кезінде ескерілетін экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілер;

2) GRI (Global Reporting Initiative) – ұйымдар қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілері туралы қаржылық емес ақпаратты ашуға қойылатын қағидағандарды, құрылымды және талаптарды белгілейтін орнықты даму саласындағы есептіліктің халықаралық стандарттары.

3) IFRS S1 / IFRS S2 (International Financial Reporting Standards – Sustainability Disclosure Standards) – орнықты даму факторларының және климаттық тәуекелдердің ұйымның қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелеріне әсері туралы елеулі ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды белгілейтін орнықты даму халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес бекіткен орнықты даму саласындағы ақпаратты ашудың халықаралық стандарттары.

4) SASB (Sustainability Accounting Standards Board) – ұйымның қаржылық көрсеткіштеріне әсерін тигізетін елеулі экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық факторлар туралы ақпаратты ашудың салалық көрсеткіштері мен принциптерін белгілейтін Орнықты дамуды есепке алу стандарттары жөніндегі кеңестің есептілік стандарттары.

5) Мүдделі тараптар- мүдделері Банк қызметіне немесе оның клиенттеріне қатысы болуы мүмкін жеке немесе заңды тұлғалар, топтар немесе институттар;

6) Жауапты қаржыландыру - экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді және қоғамға әсерін ескере отырып, қаржылық қызметтер көрсету практикасы;

7) Реттеуші – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігі және/немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

8) Уәкілетті алқалы органдар - Банктің Директорлар кеңесі, Банк Басқармасы, Банктің алқалы жұмыс органдары;

9) Орнықты даму - қазіргі және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін экономикалық өсу, әлеуметтік әділдік және қоршаған ортаны қорғау арасындағы балансты қамтамасыз ететін даму;

10) Орнықты дамудың мақсаты - Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі кезеңге бекіткен мақсаттар.

4. Банктің процестік картасына сәйкес, «Стратегиялық басқару» L1 деңгейі процесінің иеленушісі Стратегиялық жоспарлау және орнықты даму басқармасы болып табылады.

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	3-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

## 2-бөлім. ЕРЕКШЕ ЕРЕЖЕЛЕР

### 1-тарау Банктің орнықты даму тәсілі

5. Банк орнықты дамуды қаржылық нәтижелердің, әлеуметтік жауапкершіліктің және экологиялық әсер етудің арасындағы балансты қамтамасыз ететін, ұзақ мерзімді дамуға және мүдделі тараптар жағынан сенімді нығайтуға ықпал ететін стратегиялық басымдық ретінде қарастырады.

6. Банктің орнықты даму тәсілі мынадай принциптерге негізделеді:

1) Ашықтық және есептілік принципі – ұлттық және халықаралық стандарттарға (GRI, IFRS S1/S2, SASB және басқалар) сәйкес Банк орнықты даму саласындағы қызметі туралы ақпараттың дұрыс, уақтылы және салыстырмалы ашылуын қамтамасыз етеді. Қаржылық емес есептілікте, жария коммуникацияларда және Реттеушімен өзара іс-қимыл кезінде ашылатын ақпарат қоршаған ортаны қорғау, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару саласында қол жеткізілген нақты нәтижелерді көрсетеді. Банк жауапкершілікті ашық бөлуді және ашылатын ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын бақылауды қамтамасыз ететін орнықты даму мәселелері бойынша ішкі есепке алу мен есептілік жүйесін қалыптастырады.

2) Жауапты қаржыландыру принципі – Банк қаржыландыруға өтінімдерді қарастыру кезінде ІНҚ және Реттеушінің талаптарына сәйкес ESG-скрининг, тәуекелдерді санаттау және кешенді бағалау рәсімдерін қолдана отырып, экологиялық және әлеуметтік факторларды ескереді. Банктің қаржылық қызметі оң экологиялық және әлеуметтік әсерді қамтамасыз ететін жобаларды қолдауға, сондай-ақ қоршаған ортаға немесе қоғамға зиян келтіретін қызметті қаржыландыруды болдырмауға бағытталған. Банк орнықты даму принциптеріне сәйкес келетін және ұзақ мерзімді әлеуметтік және экологиялық құндылық жасауға ықпал ететін жобаларды қолдауға бағытталған қаржылық өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді дамытады.

3) Инклюзивтік және тең мүмкіндіктер принципі – клиенттермен өзара әрекет ете отырып, Банк қаржылық және қаржылық емес өнімдер мен қызметтер ұсынудың тең жағдайларын қамтамасыз етеді, халықтың әртүрлі топтарының қажеттіліктерін ескере отырып, қызмет көрсету жүйесін жетілдіреді және олардың қаржы ресурстарына қол жеткізуін кеңейтуге ықпал етеді. Қызметкерлермен өзара әрекетте бола отырып, Банк қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту және әлеуетін іске асыру үшін жағдай жасай отырып, теңдік, құрмет және әртүрлілік принциптерін басшылыққа алады.

4) Заңдардың және нормативтік талаптардың сақталу принципі - Банк қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, Реттеушінің нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Банктің ІНҚ-сына қатаң сәйкестікте жүзеге асырады. Көрсетілген талаптарды сақтау Банктің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

5) Әдепті мінез-құлық пен іскерлік адалдық принципі - Банк қызметін әділдік, адалдық, заңды құрметтеу және кәсіби әдеп нормаларын сақтау негізінде жүзеге асырады. Банк сыбайлас жемқорлыққа және жосықсыз практикаларға қарсы әрекет етеді, мүдделер қақтығысын болдырмайды, сондай-ақ клиенттердің, қызметкерлер мен әріптестердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Әдептілік стандарттар [Әдеп және іскерлік мінез-құлық кодексінде](#), сондай-ақ Банктің барлық қызметкерлерінің барлығының орындауы міндетті болатын өзге ІНҚ-да белгіленген.

7. Банк Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты дамуының мынадай мақсаттарын (бұдан әрі - ОДМ) және Банк қызметінің сипатына қатысты оларға сәйкес келетін міндеттерді басым етіп айқындайды:

1) ОДМ 3. Жақсы денсаулық пен амандық:

– Міндет 3.d: барлық елдердің, әсіресе дамушы елдердің денсаулыққа төнетін қатерлерді ерте ескерту, азайту және ұлттық және жаһандық қатерлерді реттеу саласындағы әлеуетін арттыру.

2) ОДМ 4. Сапалы білім:

– Міндет 4.4: 2030 жылға қарай қажетті дағдылары, оның ішінде жұмысқа орналасу, лайықты жұмыс алу және кәсіпкерлік қызметпен айналысу үшін кәсіптік-техникалық дағдылары бар жастар мен ересек адамдардың санын едәуір ұлғайту.

3) ОДМ 5. Гендерлік теңдік:

– Міндет 5.1: әйелдер мен қыздарға қатысты кемсітушіліктің барлық түрлерін жаппай жою;

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	4-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

– Міндет 5.5: әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және олар үшін саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшылық үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.

4) ОДМ 8. Лайықты жұмыс пен экономикалық өсу:

– Міндет 8.5: 2030 жылға қарай барлық әйелдер мен ерлер, оның ішінде жастар мен мүгедектерді де толық және өнімді кәсіппен және лайықты жұмыспен және теңдей бағалы еңбек үшін бірдей жалақымен қамтамасыз ету;

– Міндет 8.10: Ұлттық қаржылық мекемелердің қабілеттілігін күшейту және барлығына бірдей банктік, сақтандыру және қаржылық қызметтерге қолжетімділікті көтермелеу және кеңейту.

5) ОДМ 13. Климаттың өзгеруі:

– Міндет 13.1: барлық елдерде қауіпті климат құбылыстарына төзімділікті және бейімделу қабілетін көтеру;

– Міндет 13.2: климаттың өзгеруіне деген жауап қату (ден қою) шараларын саясатқа, стратегияларға және ұлттық деңгейдегі жоспарлауға енгізу.

6) ОДМ 16. Бейбітшілік, сот әділдігі мен мықты институттар:

– Міндет 16.5. Сыбайлас жемқорлық пен парақорлықтың барлық түрінің ауқымын едәуір қысқарту.

## **2-тарау Орнықты даму саласындағы Банк қызметінің негізгі бағыттары**

8. Банктің орнықты даму саласындағы қызметінің негізгі бағыттары ESG принциптерін іске асырудың басты басымдықтарын (артықшылықтарын) айқындайды және Банктің осы саладағы стратегиялық мақсаттарына жетуі бойынша практикалық шараларды көрсетеді.

9. Банктің орнықты дамуының негізгі бағыттары мен олардың құрамдауыштары:

### **1) Жауапты қаржыландыру:**

– Қаржыландыруға өтінімдерді қарастыру және кредиттік шешімдер қабылдау кезінде ESG-факторларды есепке алуды қарастыратын экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты Банк процесіне енгізу;

– Оң экологиялық және әлеуметтік әсері бар жобаларды қолдауға бағытталған ESG-өнімдер желісін дамыту;

– Банктің кредиттік және инвестициялық портфеліндегі ESG-өнімдер мен орнықты қаржы құралдарының үлесін ұлғайту;

– Кредиттік талдау және қаржыландыру туралы шешімдер қабылдау процесінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді анықтау және талдау бөлігінде қызметкерлердің құзырлығын дамыту;

– Клиенттерге ESG-практикаларын енгізу және экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша әдістемелік және консультациялық қолдау көрсету.

### **2) Қоршаған ортаға әсерін төмендету:**

– Банк қызметінің нәтижесінде туындайтын парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларын есепке алу мен бақылауды ұйымдастыру;

– Инженерлік жүйелерді (жарықтандыру, жылыту, ауа баптау) жаңғыртуды, қағаз бен пластикті тұтынуды оңтайландыруды, сондай-ақ қалдықтардың түзілуін қысқартуды қоса алғанда, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды іске асыру;

– «Жасыл офис» бастамасын дамыту және қызметкерлердің экологиялық жауапкершілік тәртібін қалыптастыруға бағытталған ішкі бағдарламаларды енгізу;

– Банктің клиенттерімен және серіктестерімен жұмыста экологиялық жауапкершілік пен ұтымды тұтыну принциптерін ілгерілету;

– Қоршаған ортаға келеңсіз әсерді төмендетуге ықпал ететін ұлттық және халықаралық бастамаларға қатысу.

### **3) Адам құқықтары:**

– Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және бизнесті жауапты жүргізудің халықаралық принциптеріне сәйкес Банк қызметін жүзеге асыру процесінде адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	5-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

- Тең мүмкіндіктер принциптерін сақтау және кез келген белгісі бойынша кемсітушілікке жол бермеу;
- Цифрлық шешімдерді дамыту және клиенттік сервистерге бейімделуді дамыту есебінен халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған қаржылық қызметтің қолжетімділігін арттыру;
- Клиенттердің, қызметкерлер мен серіктестердің дербес деректерін қорғау және ақпараттық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қолдау;
- Адам құқықтарын, тең мүмкіндіктер мен іскерлік әдепті сақтау мәселелері бойынша тиімді кері байланыс арналарының болуын қамтамасыз ету.

#### **4) Жауапты еңбек практикасы:**

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын сақтау және еңбек қатынастарын басқарудың жауапты практикасын дамыту;
- Қызметкерлердің денсаулығын нығайтуға және әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;
- Тең мүмкіндіктер принциптерін ұстану және кадр саясатында еңбекақы төлеуде және қызметкерлерді ілгерілетуде кемсітушілікке жол бермеу;
- Оқыту және біліктілігін арттыру жүйесі арқылы қызметкерлердің құзыретін дамыту және кәсіби өсуі үшін жағдайлар жасау;
- Қызметкерлер үшін этикалық нормалардың бұзылуы, кемсітушілік фактілері және өзге де заңсыз іс-әрекеттер туралы жасырын ақпарат беру мүмкіндігін қарастыратын кері байланыс тетіктерін енгізу.

#### **5) Іскерлік әдеп:**

- Банк қызметінің барлық аспектілерінде адалдық, жауапкершілік және бизнесті әдепті жүргізу принциптерін сақтау;
- Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысын болдырмау және жосықсыз практикаларға жол бермеу;
- Басқарушылық және қаржылық шешімдер қабылдау кезінде іскерлік процестер мен есеп берудің ашықтығын қамтамасыз ету;
- Ақпараттық ресурстар мен цифрлық технологияларды қауіпсіз және құпия пайдалану стандарттарын қолдану;
- Өнім берушілермен және серіктестермен ынтымақтастық, сыйластық және сенім принциптері негізінде әрекет ету;

#### **6) Корпоративтік басқаруды жетілдіру:**

- Банктің ұзақ мерзімді даму стратегиясының ажыратылмас бөлігі болып табылатын оның орнықты даму стратегиясын әзірлеу және енгізу;
- Саясатты және орнықты даму саласындағы өзге де іс-шараларды іске асыру бойынша уәкілетті алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелердің рөлдері мен жауапкершілік аймақтарын бөлу;
- Орнықты даму саласындағы талаптарды және үздік халықаралық практикаларды ескере отырып, ИҚ-ны өзектендіру (жаңартып отыру);
- Банк қызметіне ESG-факторларды орнықты дамыту және ықпалдастыру мәселелері бойынша уәкілетті алқалы органдар мүшелерін және Банк қызметкерлерін оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- Орнықты даму саласындағы ақпараттың халықаралық стандарттарға және есептіліктің ұлттық талаптарына сәйкес толық, сенімді және уақытылы ашылуын қамтамасыз ету;

#### **7) Орнықты дамудың халықаралық және ұлттық бағдарларын орындау:**

- Банктің қызметін ОДМ қоса алғанда, орнықты даму саласындағы халықаралық мақсаттарға және басымдықтарға сәйкестікке келтіру;
- Банктің қызметін Қазақстан Республикасының орнықты даму және «жасыл» экономика саласындағы ұлттық стратегиялық басымдықтарымен және бағдарламаларымен келісу;
- Тәжірибе алмасу және орнықты дамудың үздік практикаларын енгізу үшін ұлттық және халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты кеңейту.

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	6-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

### 3-тарау Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету

10. Банк мүдделі тараптармен өзара әрекет етуді орнықты даму саласындағы басқару жүйесінің қажетті бөлшегі ретінде қарастырады.

11. Банк негізгі мүдделі тараптардың мынадай құрамын, сондай-ақ орнықты даму принциптерін іске асыру шеңберінде олармен өзара іс-қимылдың мақсаттары мен тетіктерін айқындайды:

Мүдделі тараптар	Өзара әрекет ету мақсаты	Өзара әрекет ету тетігі мақсаты
Акционерлер мен инвесторлар	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Корпоративтік басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету;</li> <li>– Қаржылық және операциялық нәтижелері туралы дұрыс және уақтылы ақпарат беру;</li> <li>– Банктің сенімін және инвестициялық тартымдылығын нығайту.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Акционерлердің жалпы жиналысы;</li> <li>– Жазбаша ақпараттық хабарламалар;</li> <li>– Қаржылық есептілікті қоса алғанда, тоқсан сайынғы және жылдық есептер;</li> <li>– Инвесторларға арналған пресс-релиздер мен ақпараттық материалдар.</li> </ul>
Қызметкерлер	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Банк қызметінің мақсаттары, міндеттері және өзгерістері туралы хабардар болуды қамтамасыз ету;</li> <li>– Еңбек жағдайлары және кәсіби даму мәселелері бойынша ашық диалогты қолдау;</li> <li>– Персоналдың қанағаттануын және ынталануын арттыру;</li> <li>– Ұсыныстарға және қызметкерлердің кері байланысына уақтылы ден қою</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Топ-менеджментпен жеке консультациялар;</li> <li>– Корпоративтік веб-сайт;</li> <li>– Байланыс орталығы;</li> <li>– Қаржылық есептілікті қоса алғанда, тоқсан сайынғы және жылдық есептер;</li> <li>– Баспасөз релиздері;</li> <li>– Әлеуметтік желілер;</li> <li>– Қызметкерлердің қатысуын зерттеу және сауалнама жүргізу.</li> </ul>
Клиенттер	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Қызмет көрсету сапасына қанағаттанушылықты арттыру;</li> <li>– Жаңа өнімдер, өзгерістер мен тәуекелдер туралы уақтылы хабардар ету;</li> <li>– Қаржылық шешімдерді әзірлеу кезінде клиенттердің қажеттіліктерін есепке алу;</li> <li>– Сервистерді жетілдіру үшін кері байланыс алу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Байланыс орталығы;</li> <li>– Корпоративтік веб-сайт;</li> <li>– Әлеуметтік желілер;</li> <li>– Баспасөз релиздері;</li> <li>– Клиенттердің қанағаттанушылығына сауалнама жүргізу және зерттеу;</li> <li>– Тоқсан сайынғы және жылдық есептер;</li> <li>– Банк бөлімшелеріндегі консультациялар.</li> </ul>
Өнім берушілер мен серіктестер	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Тұрақты және өзара тиімді іскерлік қатынастарды қолдау;</li> <li>– Шарттық міндеттемелерді және іскерлік әдеп стандарттарын сақтау;</li> <li>– Жеткізу сапасы, мерзімі және шарттары бойынша күтілетін (болжамдарды) келісу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Жиналыстар, кездесулер мен конференц-қоңыраулар;</li> <li>– Корпоративтік веб-сайт;</li> <li>– Баспасөз релиздері.</li> </ul>

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	7-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

Мүдделі тараптар	Өзара әрекет ету мақсаты	Өзара әрекет ету тетігі мақсаты
Қоғам	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Банк қызметіне қоғамның сенімін нығайту;</li> <li>– Халықтың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру;</li> <li>– Әлеуметтік маңызы бар бастамаларды және қайырымдылық жобаларды қолдау;</li> <li>– Қатысу өңірлерінің орнықты дамуына жәрдемдесу;</li> <li>– Жауапты институт ретінде оң имиджі мен беделін қалыптастыру.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Қайырымдылық бағдарламалары мен әлеуметтік бастамалар;</li> <li>– Корпоративтік веб-сайт;</li> <li>– Баспасөз релиздері;</li> <li>– Байланыс орталығы;</li> <li>– Электрондық почта.</li> </ul>
Мемлекеттік органдар, реттеуіштер	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Салалық реттеу мен қаржы саясатын жетілдіруге қатысу;</li> <li>– Міндетті есептілікті уақтылы ұсыну және ақпаратты ашу;</li> <li>– Мемлекеттік бағдарламалар мен бастамаларды іске асыруға жәрдемдесу.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Қаржылық есептілікті қоса алғанда, тұрақты есептілік;</li> <li>– Бейінді жиналыстар, кездесулер және форумдар;</li> <li>– Фискалдық өзара іс-қимылдың заңмен белгіленген арналары (төлемдер мен салықтар).</li> </ul>
Бұқаралық ақпарат құралдары	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Банктің танымалдығын арттыру және беделін нығайту;</li> <li>– Басты оқиғалар, бастамалар мен нәтижелер туралы жедел ақпарат беру;</li> <li>– Жалған ақпараттың таралуын болдырмау және беделдік тәуекелдерді басқару.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>– Корпоративтік веб-сайт;</li> <li>– Баспасөз релиздері;</li> <li>– Баспасөз конференциялары мен брифингтер;</li> <li>– Әлеуметтік желілер.</li> </ul>

12. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету нәтижелері келесілердің кезінде ескеріледі:

- 1) Банк ІНҚ-сын әзірлеу және өзектендіру;
- 2) корпоративтік басқару жүйесін және кадр процестерін жетілдіру;
- 3) азық-түлік шешімдерін қалыптастыру және клиенттік қызмет көрсету сапасын арттыру;
- 4) әлеуметтік және қоғамдық бастамаларды іске асыру;
- 5) орнықты даму саласындағы жария есептілікті дайындау.

#### **4-тарау. Орнықты дамуды басқару жүйесі**

13. Банктің орнықты дамуын басқарудың ұйымдық құрылымы орнықты даму саласындағы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыру шеңберінде тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ете отырып, уәкілетті алқалы органдар мен Банктің құрылымдық бөлімшелері арасында экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілік мәселелері бойынша өкілеттіктерді бөледі. Басқару жүйесіне мынадай деңгейлер енгізілген:

- 1) Директорлар кеңесі;
- 2) Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер;
- 3) Басқарма;
- 4) Стратегиялық жоспарлау және тұрақты даму басқармасы (бұдан әрі - СЖЖТДБ);
- 5) Тәуекел -менеджмент блогы;
- 6) Өз құзыреті шегінде орнықты даму саласындағы функцияларды орындауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелер.

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	8-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

14. Директорлар кеңесі орнықты даму процесін және экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару процесін регламенттейтін ІНҚ бекітеді. Директорлар кеңесі көрсетілген құжаттардың іске асырылуына мониторингті және бақылауды, оның ішінде Банктің уәкілетті алқалы органдары арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ орнықты даму мәселелері бойынша ақпараттың дұрыс және уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді.

15. Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттер бекітілген ережелерге сәйкес өз өкілеттіктері шегінде басшылық етеді және бақылау жасайды:

1) Тәуекелдер және ішкі бақылау комитеті елеулі тәуекелдерді, ESG-тәуекелді қоса алғанда басқару жүйесінің жұмыс істеуін, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесінің қызметін қадағалауды жүзеге асырады, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру және дұрыс жұмыс істеуі, сондай-ақ тиісті міндеттер мен жауапкершілікті бөлу мақсатында Банктің ұйымдық құрылымының жобасын қалыптастырады, Банктің даму стратегиясының жобасын және ESG саласындағы Банктің өзге ІНҚ-ларын қарастырады, олардың іске асырылуына бақылау жасайды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсынудың алдында орнықты даму туралы есепті алдын ала қарауды жүргізеді;

2) Сыйақылар жөніндегі комитет Банктің ұйымдық құрылымының жобасын, оның ішінде мүдделер қақтығысын басқару мақсатында ESG-тәуекелдер мәселелерін қозғайтын жобаны қарайды;

3) Стратегиялық жоспарлау және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет Банктің даму стратегиясының жобаларын және Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын, даму стратегиясының, даму жоспарларының орындалу барысы, Банк қызметінің стратегиялық түйінді көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізу туралы ақпаратты қамтитын құжаттарды Директорлар кеңесінің бекітуіне ұсыну алдында қарайды.

16. Басқарма Саясатты, сондай-ақ экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат кешенін іске асыруды ұйымдастырады. Басқарма өз құзыреті шеңберінде банктік қарыз шартын жасасу алдында маңызды және тәуекелі жоғары жобалардағы экологиялық және әлеуметтік тәуекелдердің қолайлылығы туралы шешімдер қабылдау бойынша ішкі рәсімдерді, сондай-ақ жоғары экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері бар қарыз операцияларын жүргізуден бас тарту тәртібін әзірлеуді қамтамасыз етеді. Басқарма орнықты даму принциптерін ішкі процестерге және басқару практикасына ықпалдастыруды ұйымдастырады, есептілікті дайындау үшін деректер жинау жүйесін қалыптастырады және Реттеуші мен халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес ашылатын ақпараттың уақтылы берілуі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

17. СЖЖТДБ Банктің қызметіне орнықты даму принциптері мен практикаларын енгізуді қамтамасыз етеді. СЖЖТДБ өз құзыреті шегінде, клиенттерді кредиттеу кезінде экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқаруды және көрсетілген тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуін реттейтін құжаттарды қоспағанда, орнықты даму мәселелері бойынша ІНҚ әзірлейді. СЖЖТДБ орнықты даму мәселелері бойынша есептілікті дайындау процесін ұйымдастырады, Банктің уәкілетті алқалы органдарының қарауы және/немесе бекітуі үшін ESG саласында ақпарат беруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ тиісті бағдарламалардың мазмұнын ұдайы жаңарта отырып, Банк қызметкерлерін орнықты даму, экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мәселелері бойынша оқытуды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады.

18. Тәуекел-менеджмент блогы экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді басқаруды қоса алғанда, Банктің тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Блок көрсетілген тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлейді және енгізеді, белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді және тәуекелдерді санаттауды қоса алғанда, оларға кешенді бағалау жүргізуді ұйымдастырады, сондай-ақ алынған нәтижелерге талдау жасайды.

19. ESG-бастамаларын іске асыруға қатысушы Банктің құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-қимылдар жоспарында қарастырылған, сондай-ақ ESG-факторлардың бизнес-процеске бірігуі жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді.

20. Банктің орнықты дамуын басқару жүйесін іске асыру тетіктері ESG-принциптерін қызметтің барлық аспектілеріне ықпалдастыруды қамтамасыз етуге бағытталған процестер, рәсімдер мен бастамалар болып табылады. Оларға жататындар:

1) орнықты даму принциптерін ескере отырып, Банк қызметін стратегиялық және операциялық жоспарлау;

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	9-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

2) функцияларды, рөлдерді және өкілеттіктерді бөлуді қоса алғанда, орнықты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымын қалыптастыру және жетілдіру;

3) ESG саласындағы қызметтің барлық бағыттары бойынша ішкі нормативтік базаны дамыту және әдістемені өзектендіру;

4) орнықты даму саласындағы қызмет нәтижелерін ашу үшін қажетті деректерді жинау, сақтау және талдау жүйесін ұйымдастыру;

5) орнықты даму және ESG мәселелері бойынша қызметкерлерді тұрақты оқыту және олардың біліктілігін арттыру;

6) орнықты даму саласында тұрақты диалогты және ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін мүдделі тараптармен өзара әрекет ету тетігін дамыту.

21. Орнықты дамуды басқару жүйесін жетілдіру корпоративтік басқарудың тиімділігін арттыруға, ESG-бағыттарға жауапты құрылымдық бөлімшелердің рөлін нығайтуға, қаржылық емес ақпаратты ашу практикасын дамытуға, сондай-ақ Банктің стратегиялық және операциялық шешімдеріне экологиялық және әлеуметтік өлшемдерді енгізуге баса назар аударатырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

### **5-тарау. Мониторинг және есептілік**

22. Орнықты даму саласындағы ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету мақсатында Банк жыл сайынғы ESG-есептілікті дайындау және ашу негізінде осы Саясатты іске асыру мониторингін жүзеге асырады.

23. Банктің жыл сайынғы ESG-есептілігінде экологиялық, әлеуметтік және басқару аспектілері туралы, сондай-ақ Банктің ОДМ-ге қол жеткізуге қосқан үлесі туралы ақпаратты қоса алғанда, орнықты даму саласындағы қызметтің нәтижелері мен жетістіктері көрсетіледі.

24. ESG-есептілігі Банктер мен басқа да қаржы ұйымдары үшін климат және орнықты даму саласындағы ақпаратты ашу жөніндегі нұсқаулықта белгіленген Реттеушінің талаптарына сәйкес, сондай-ақ қаржылық емес есептіліктің халықаралық стандарттарын (GRI, IFRS S1/S2, SASB және басқалар) ескере отырып дайындалады.

25. ESG-есептілігі Банктің корпоративтік веб-сайтында есепті кезеңнен кейінгі жылдың 30 тамызынан кешіктірмей жарияланады және қаржылық емес ақпаратты ашудың негізгі нысаны болып табылады.

26. ESG-есептілігін Банктің Директорлар кеңесі бекітеді және орнықты даму саласындағы мақсаттарды іске асыру барысы туралы ақпараттандыру құралы болып табылады.

### **3-бөлім. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

27. Саясат талаптарын орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына, олардың құзыреті және орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асыруға қатысу шегінде жүктеледі.

28. Саясатты әзірлеу және іске асыру жауапкершілігін Банк Басқармасы көтереді. Саясаттың орындалуын бақылау Тәуекелдер және ішкі бақылау комитетіне және Банктің Директорлар кеңесіне жүктеледі.

29. Саясат Банктің ІНҚ дерекқорына орналастырылғаннан кейін келесі жұмыс күні күшіне енеді және Банктің барлық қызметкерлерінің қолдануына және басшылыққа алуына жалпы міндетті болып табылады.

30. Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар қажеттілігіне қарай Қазақстан Республикасы заңнамасының, Реттеушінің нормативтік құқықтық актілерінің және Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес енгізіледі.

31. Саясатта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-сына сәйкес шешілуі тиіс.

 <b>Евразийский Банк</b>	СТ	10-бет 10
	<b>ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ</b>	

**ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ПАРАҒЫ**

№ р/с	Хаттама нөмірі	Хаттама жасалған күн	Күшіне ену күні	Өзгерістердің бастамашысы
1.				
2.				
3.				